**2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 646, 647, 648, 649, 650, 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 646 қосымша

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

___________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**001** "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік
бағдарламасының 2003 жылға арналған
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 41472 мың теңге (қырық бір миллион төрт жүз жетпіс екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-25-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 , "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлықтары , "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 карашадағы N 1755 және "Штат саны лимитін бекіту туралы" 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оларға жүктелген міндеттердің ең жоғары тиімділікте орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің орталық аппаратын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !

! !коды! !іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 001 Әкімшілік Қазақстан Республи. Жыл Қазақстан Рес.

шығындар касы Туризм және бойы публикасының

спорт жөніндегі Туризм және

агенттігінің орталық спорт жөніндегі

001 Орталық аппаратын бекітілген агенттігі

органның штат саны 54 (елу

аппараты төрт) бірлік шегінде

ұстау

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне жүктелген міндеттерді сапалы және уақтылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 647 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

_______________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**007 "Орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 76539 мың теңге (жетпіс алты миллион бес жүз отыз тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8 , 24, 43 және 44-баптары , "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 4 және 28-баптары , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Заңы , " Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 462 , "Қазақстан спортшыларын кезекті 2002 жылғы Солт-Лейк-Сити қаласындағы (АҚШ) XIX қысқы және 2004 жылғы Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII жазғы Олимпиадалық ойындарға даярлау жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 510 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулылары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қоғамның дене шынықтыру және спорт саласына орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау жөніндегі әлеуметтік-экономикалық талаптарын қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласында жалпы республикалық мәні мен стратегиялық маңызы бар мамандар даярлауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !
!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !
! !коды! !іс-шаралар ! !
-------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------
1 007 Орта кәсіптік Білім берудің Жыл Қазақстан Рес.
білімі бар мемлекеттік жалпыға бойы публикасының
мамандарды бірдей міндетті Туризм және
даярлау стандарттарына сәйкес спорт
оқу процесін өткізу; жөніндегі
әдістемелік, мәдени агенттігі
```

-ағарту, дене
шынықтыру және
спорттық жұмысты
біріктірген білім
беруді жүзеге асыру.
Білім берудің
бағдарламаларын
жетілдіру, сондай-ақ
оқу процесін
ұйымдастыру үшін
жағдайлар жасау.
Білім берудің
мемлекеттік тапсы.
рысына сәйкес жыл
сайын Қазақстан
Республикасы Үкімет.
інің қаулысымен
бекітілетін орта
кәсіптік білімі бар
мамандар даярлау.
Жылдық орташа
контингентінің саны
- 238 оқушыны оқыту.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: дене шынықтыру және спорт саласына орта кәсіптік білімі бар білікті мамандарды даярлау. Ұлттық құрама командаларды халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерімен толықтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 648 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 250 мың теңге (екі жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы , " Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !

! !коды! !іс-шаралар ! !

----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

1. 010 Кадрлардың Бекітілген білік. Жыл Қазақстан Рес.

біліктілігін тілік арттырудың, бойы публикасының

арттыру мен соның ішінде Туризм және

қайта даярлау мемлекеттік тілді спорт жөніндегі

үйретудің жоспарына агенттігі

сәйкес, мемлекеттік

005 Мемлекеттік қызметкерлердің

қызметкерлер. біліктілігін

дің білікті. арттыру бойынша

лігін арттыру қызметтерді сатып

алу. Біліктілік

арттыру курстарынан

өтетін мемлекеттік

қызметкерлердің

жылына орташа саны

- 18 адам.

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі заманғы экономикалық жағдайлар мен мемлекеттік ресурстардың мүмкіндігіне сәйкес кәсіби

мемлекеттік қызмет талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметкерлерді сапалы оқытудың жүйесін қалыптастыру және дамыту жолдары арқылы мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 649 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

___________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**030 "Мемлекеттік сыйлық" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 192 мың теңге (бір жүз тоқсан екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Жазушы Сейдахмет Бердіқұловты мәңгілік есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 желтоқсандағы N 1363 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты насихаттау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: спорт және дене шынықтыру туралы үздік жарияланымдары үшін журналистерді ынталандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !
!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !
! !коды! !іс-шаралар ! !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 030 Мемлекеттік Байқау рәсімдерін Жыл Қазақстан Рес.
сыйлықтар ұйымдастыру, үш бойы публикасының
сыйлықты тапсыру Туризм және
үшін омырауға спорт жөніндегі
тағатын белгілер мен агенттігі
дипломдарды әзірлеу,

сондай-ақ үздік
жарияланымдары мен
басылымдар және
теледидар мен
радиодағы спорт және
дене шынықтыру
хабарлары үшін
сыйлықтар төлеу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: спорт және дене шынықтыру, халық арасында бұқаралық спортты дамытудың деңгейі, халық арасында бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын дамыту туралы мақалалар жариялау үшін журналистердің қызығушылығын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 650 қосымша

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**031 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 256404 мың теңге (екі жүз елу алты миллион төрт жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18 және 24-баптары, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 16 және 17-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , "Спортта дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 , "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 , "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногор қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесін құру туралы" 2002 жылғы 19 маусымдағы N 673 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: әрбір оқушының жеке қабілетін дамыту, оларға таңдаған спорт түрімен шұғылдануы үшін қолайлы жағдай жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: спортта дарынды балаларды оқыту және әрбір оқушының табиғи қабілетін жан-жақты дамыту, оқу-жаттығу сабақтарын жыл бойы толық көлемінде өткізу, қысқы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар санына үміткер спортшылардың резервін даярлау және олардың алда тұрған Қазақстан Республикасының біріншіліктері мен Азия, Әлем чемпионаттарына және басқа халықаралық жарыстарға қатысуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !

! !коды! !іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 031 Дарынды Мемлекеттік жалпыға Жыл Қазақстан Рес.
балаларды бірдей білім беру бойы публикасының
мемлекеттік стандарттарына сәйкес Туризм және
қолдау оқу процесін өткізу спорт жөніндегі
және дарынды агенттігі
балалармен таңдаған
спорт түрлері
бойынша толық
көлемінде жыл бойы
оқу-жаттығу
сабақтарын өткізу.
Спорттық іс-шараларға
қатысу.
030 Спорттағы Мемлекеттік мекемені Спорттағы
дарынды штат саны 171 адам дарынды
балаларға лимиті шегінде ұстау. балаларға
арналған Орташа жылдық арналған Қ.
Қ.Мұңайтпасов контингенті - 250 оқушы Мұңайтпасов
атындағы атындағы

республикалық республикалық
мектеп- мектеп-
интернат интернат
031 Спорттағы Мемлекеттік мекемені Спорттағы
дарынды штат саны 352 адам дарынды
балаларға лимиті шегінде ұстау. балаларға
арналған Орташа жылдық арналған
Қ.Ахметов контингенті - 385 Қ.Ахметов
атындағы оқушы атындағы
республикалық республикалық
мектеп- мектеп-
интернат интернат
032 Риддер Мемлекеттік мекемені Риддер
қаласындағы штат саны 105 адам қаласындағы
спорттағы лимиті шегінде ұстау. спорттағы
дарынды Орташа жылдық дарынды
балаларға контингенті - балаларға
арналған 150 оқушы арналған
республикалық республикалық
мектеп- мектеп-
интернат интернат
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жоғары дәрежелі спортшыларды шығару, республиканың ұлттық құрама командаларына мүшелікке үміткерлерді, сондай-ақ спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 651 қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 150ф қаулысымен .

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
_____________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**032 "Жоғары жетістіктер спорты" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1477490 мың теңге (бір миллиард төрт жүз жетпіс жеті миллион төрт жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 2 , 4 , 8 , 15, 18, 25, 30-баптары , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 жарлығы , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 462 , "Қазақстан спортшыларын кезекті 2002 жылғы Солт-Лейк-Сити қаласындағы (АҚШ) XIX қысқы және 2004 жылғы Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII жазғы Олимпиадалық ойындарға даярлау жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 510 , "Қазақстан Республикасы халқының дене дайындығының Президенттік сынақтары туралы" 1996 жылғы 24 маусымдағы N 776 , "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықаралық спорт аренасында Қазақстан Республикасының беделін нығайту, Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыруды және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ұлттық құрама командаларды Азия, әлем чемпионаттарына, Олимпиада ойындарына және басқа да халықаралық жарыстарға сапалы даярлауды қамтамасыз ету; республикалық және халықаралық спорттық іс-шараларды өткізу және ұлттық құрама командалардың халықаралық жарыстарға қатысуы, Қазақстан Республикасының ұлттық штаттық командаларын ұстау; халық арасында дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !

! !коды! !іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 032 Жоғары Күнтізбелік спорттық Жыл Қазақстан Рес.

жетістіктер іс-шараларға бойы публикасының

спорты (республикалық және Туризм және

жергілікті жарыстарға, спорт жөніндегі

әлем, Азия, Еуропа агенттігі
чемпионаттары мен
әлем кубогы,
және Азия ойындары
және спорттың 52 түрі
бойынша Достастық
елдерінің халықаралық
спорттық ойындарына)
қатысуы үшін спорт
резервін және
халықаралық дәрежедегі
спортшыларды дайындау,
оқу-жаттығу жиындарын
өткізу; спорт
түрлерінен Қазақстан
Республикасының ұлттық
командаларына алынған
спортшыларды, жаттық.
тырушыларды және басқа
мамандарды материалдық,
соның ішінде мүкәммалмен
жабдықтармен қамтамасыз
ету;
кешенді халықаралық
спорттық іс-шараларға
(Қазақстан Республикасы
Президентінің Мемлекет.
тік бағдарлама туралы
Жарлығын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар
жоспарының 7.3.т.)
қатысу;
Қазақстан Республикасы
ұлттық командаларының
Душанбе қаласындағы
IV Орталық Азия
ойындарына қатысуы;
Аомори (Жапония)
қаласындағы қысқы

ойындарға қатысу;
Астана қаласында
ТМД-ға қатысушы-
мемлекеттердің Халық.
аралық спорттық
ойындарын өткізу;
жоғары жетістіктер
спортын насихаттау;
"Жыл спортшысы"
республикалық конкурсын
өткізу; Спортшыларды
диспансерлік қадағалауды
және емдеуді қамтамасыз
ету; спортшыларға
медициналық, консуль.
тациялық көмек көрсетуді
қамтамасыз ету;
бұқаралық спорттық
іс-шаралар мен жарыстарда
медициналық қызмет
көрсетуді ұйымдастыру
және қамтамасыз ету;
тәулігіне бір адамға
жұмсалатын шығыстардың
нормаларын ескере отырып,
спорттық іс-шаралар
мен оқу-жаттығу
жиындарына қатысушыларға
қамтамасыз етуге
белгіленген нормаларды
есепке ала отырып,
фармакологиялық қалпына
келтіру құралдарын,
витаминді және белоктық-
глюкозалық препараттарды
сатып алу;
мүгедек спортшыларға
медициналық көмек
көрсету халықаралық

және республикалық
жарыстар қарсаңында
ағзадағы анаболик-
стероидтердің болуын
анықтауға тест жүргізу
және анализ тапсыруға
арналған жабдықтардың,
химиялық активтердің
медикаменттердің 7
түрін сатып алу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командалары мүшелерінің халықаралық спорттық іс-шараларға, соның ішінде Аомори (Жапония) қаласындағы қысқы Азия ойындарында , Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII жазғы Олимпиада ойындарында табысты өнер көрсетуі. Президенттік сынақтар өткізу. 50-ден астам әлем, Азия, Еуропа чемпиондарын даярлау. Спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін, жасөспірімдер мен жеткіншектер арасындағы әлем және Азия чемпионаттарын қоса алғанда, халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін тәрбиелеу. Халық арасында бұқаралық спортты дамыту, қоғамда салауатты өмірсалты қағидаттарын орнықтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 652 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

_________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**033 "Олимпиадалық резерв және жоғары спорт шеберлігі мектептерін қаражаттандыру" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 83029 мың теңге (сексен үш миллион жиырма тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18 және 19-баптары , "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 17, 18, 21 және 25-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау мен дамыту туралы" 1996 жылғы 21 мамырдағы N 3002 және "Қазақстан Республикасында

дене шынықтыруды және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлықтары, "Қазақстан спортшыларын кезекті 2002 жылғы Солт-Лейк-Сити қаласындағы (АҚШ) XIX қысқы және 2004 жылғы Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII жазғы Олимпиадалық ойындарға даярлау жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 510 , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 462 , "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулылары, "БЖСМ мен МОРБЖМ туралы Ережені енгізу туралы" 1996 жылғы 23 тамыздағы N 1-2-6/365 және Қазақстан Республикасының жоғары спорт шеберлігі мектебі туралы уақытша ережені бекіту туралы" Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің 1998 жылғы 29 мамырдағы N 1-2-6/305 бұйрықтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықаралық деңгейдегі жоғары білікті спортшыларды, үміткерлерді және олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына мүшелер мен үміткерлерді даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жастар арасында олардың денсаулығы мен дене бітімін жан-жақты дамытуға бағытталған денешынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмыстарын, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларына мүшелерді даярлауды жүзеге асырады.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

------------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !

! !коды! !іс-шаралар ! !

------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

------------------------------------------------------------------

1 033 Олимпиадалық Спорт резерві мен Жыл Қазақстан

резерв және халықаралық бойы Республикасының

жоғары спорт дәрежедегі Туризм және

шеберлігі спортшыларды, спорт жөніндегі

мектептерін олимпиадалық спорт агенттігі

қаражаттан. түрлері бойынша
дыру Қазақстан Республи.
касы құрама коман.
даларына үміткерлер
мен мүшелерді
даярлауды ұйымдас.
тыру; оқу-жаттығу
сабақтарын өткізу;
республикалық және
халықаралық спорттық
жарыстарға қатысу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ұлттық құрама командалардың мүшелерін Олимпиада және Азия ойындарына даярлау, сондай-ақ ұлттық штаттық командаларды жоғары дәрежелі спортшылармен және халықаралық дәрежедегі шеберлермен толықтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 653 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**034 "Туристік қызмет жөніндегі іс-шаралар" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 32604 мың теңге (отыз екі миллион алты жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңының 10, 11-баптары , "Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 қазандағы N 1604 және " Туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1947 қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанның туристік беделін нығайту, туристік саланың индустриясын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ішкі рынокты қорғау, Қазақстан Республикасында туризмді дамытуға бағытталған туристік іс-шараларды, соның ішінде көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу және қатысу арқылы туристік қызмет көрсету экспортын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !
!коды!лама!лардың) атауы!жөніндегі !зімі !
! !коды! !іс-шаралар ! !

-------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1 034 Туристік Берлин қаласындағы Жыл Қазақстан Рес.
қызмет ITB халықаралық бойы публикасының
жөніндегі туристік биржасына Туризм және
іс-шаралар қатысу. спорт
Мәскеу (Ресей жөніндегі
Федерациясы) агенттігі
қаласындағы "Туризм
және саяхат" Мәскеу
халықаралық көрме.
сіне қатысу.
Алматы қаласында
Қазақстандық "Туризм
және саяхат - KITF
2003" халықаралық
туристік жәрмеңкесін
өткізу.
Туристік саланы
дамытудың мәселелері
жөнінде республикалық
семинар-кеңестер
өткізу.
Мадридтегі (Испания)
FITUR халықаралық
туристік жәрмеңкесіне
қатысу.

Дүниежүзілік Туристік
ұйымның Бас Ассамблея.
сының XV сессиясына
қатысуды ұйымдастыру.
"Жібек жолы" жобасының
шеңберінде өткізілетін
Дүниежүзілік Туристік
ұйымның мәжілістеріне
қатысу.
Лондон (Ұлыбритания)
қаласындағы өткізілетін
Дүниежүзілік туристік
биржаға (WTM) қатысу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру, келу туризмнің көлемін ұлғайту, туристік қызметтердің жиынтық экспортын көбейту, халықаралық туризмінің (келу) түсімін ұлғайту. Туризм саласындағы экономикалық көрсеткішті өсіру, Қазақстанның туристік бет-бейнесін арттыру, халықтың жұмыспен қамтылуын көбейту. Жалпы ішкі өнімдегі туризмнің үлесін ұлғайту. Туризм инфрақұрылымын жақсарту, Қазақстан Республикасында бәсекеге қабілетті туристік рынок құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 654 қосымша
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

___________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**037 "Республикалық деңгейде олимпиада резервін даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 386889 мың теңге (үш жүз сексен алты миллион сегіз жүз сексен тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 2 , 4 , 16, 18, 21, 25, 30-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға

